«КЕЛІСІЛДІ»
«Мұғалжар аудандық білім бөлімі» ММ-нің әдістемелік кабинет әдіскері
_______ Г.Қ. Нұрмағанбетова
«08» 09 2020 ж.

«БЕКІТЕМІН»
«Қарлығаш»бөбекжай-бақшасы»
МҚКК меңгерушісі
_______ К.С.Медеуова
«28» тамыз 2020 ж.

# Вариативтік компонент

# «Мен елімнің патриотымын»

Бағдарламаны дайындаған:
№13 «Балақай» МАД тобының
тәрбиешісі Михаеш Г.М

*Қандыағаш қаласы*

## Түсінік хат

Патриот – Отанның мерейін үстем ету жолында, өз халқына деген сүйіспеншілігі жолында қолда барын, өмірін аямайтын адам.

Алдымен «патриот» деген кім, ол қандай адам деген сұраққа анықтама беріп кеткенім жөн болар. Патриот – ұлтын сүйетін, өз тарихын, туған тілін құрметтейтін, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан салт – дәстүрін дәріптейтін, ұлттық қадір – қасиетімізді арттыруға үлес қосатын саналы тұлға. Туған елі үшін үнемі тер төге қызмет етіп, халқымыздың мол рухани құндылықтарын бағалай білетін асыл тұлға.

Патриоттық тәрбие, ең алдымен, әрбір жеке тұлғаның ата – анасын, туған – туыстарын жақсы көруден басталады емес пе?! Өз баласына жақсы тәрбие беру кез келген адамның міндеті, мейлі ол мұғалім, мейлі ол жұмысшы, дәрігер, не тағы басқа маман иесі болсын қоғамда парасатты, адамгершілігі жоғары бала тәрбиелеу кез келген адамның міндеті болуы тиіс. Тату тірлік пен ауызбірлік жылы ұямызға арқасын кең жайғанда адамгершілік атты асыл қасиеттердің адам бойына нық қонатынына, әрине, еш шүбә жоқ. Абай атамыз айтқандай, бүгінгі жастардың дүниенің кетігін тауып, қалануды көздеу, қоғамдық өмірден қол үзбей, өз елін сүюге, өз елінің тұрмыс – тіршілігін, салт – санасын, әдет – ғұрпын білуге тәрбиелеу – нарықтық кезеңде маңызы жоғары тұрған зор міндеттердің бірі деп ойлаймыз. Осы тәрбиенің ең маңыздысы – балаға патриоттық тәрбие беру.

Халқымыздың тарихына терең үңіле білсек, жасынан жарқыраған күміс көмей әнші, жау жүрек батыр, нар тұлғалы палуан елі мен жері үшін аянбағаны баршаға мәлім. Ендеше көкірек көзімен тарихты тамырынан тамшылата жас ұрпақ зердесіне зерлей, шырайлы сөзбен кестелей таныту ата – ана мен ұстаз – тәрбиеші шеберлігіне байланысты.

## «Мен елімнің патриотымын» вариативтік компонентіңбағдарламасы

**Мақсаты:**
- Балалардың Отанға деген патриоттық сезімін,«Отан», ел құндылықтары туралы түсініктерін қалыптастыру;
- Балаларды Отанды сүюге, құрметтеп қастерлеуге, өз елін, тегін тарихын білуге тәрбиелеу.
- Балалардың таным белсенділіктерін, қызығушылықтарын дамыту.
- Балаларға патриоттық, эстетикалық, адамгершілік тәрбие беру, өз ой-пікірін білдіре алатын оқушыларды тәрбиелеу.

**Міндеттері:**
- Туған ел, өскен ортаның адам өміріндегі маңызын түсіндіру;
- Елге, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру;
- Елжандылыққа тәрбиелеу

**Балалардыңтұлғалық қалыптасуы бағытындағы күтілетін нәтижелер:**

-Елін, жерін сүйетін азамат болып шығуға дағдыланады.
-Білімді, өнерлі, ақылды, еңбексүйгіш бала болуды үйренеді.
-Туған жерге ,отанға деген сүйіспеншілігі қалыптасады.
-Өз жұмысына сын көзбен қарап, талдау жасай алады.
-Алған білімі мен дағдыларын барлық сабақтарда пайдаланады.
-Өзін өз мемлекетінің азаматы ретінде сезінеді.
-Мемлекет рәміздері мен дәстүрлерді қастерлейді.
-Қазақ халқының тарихын білу қажеттілігін түсінеді.
-Қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін түсінуді үйренеді.

**«Менің елім» қосымша вариативтік компоненттің бағдарламасы:**

**Мектепалды даярлық тобы**

**I. Менің елім -Қазақстан.(7 сағат)** Менің өлкем. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері. Қазақстан астаналары. Қазақстанның көрікті жерлері. Астанаға саяхат.

**II. Қазақстанның тұрмысы мен мәдениеті.( 7 сағат)**

Қазақстанның тұрмысы мен мәдениеті. Қазақстанның салт- дәстүрі мен әдет-ғұрыптары. Қазақтың ұлттық аспаптары. Қазақстан Республикасының мерекелері

**III.Салт-дәстүрінің салттары (10 сағат)**

Қазақ халқының ырымдары мен тиымдары. Қазақ халқының әдет-ғұрыптары. Ұлттық қолөнер. Тұрмыстық салт-дәстүрлер. Батаменен ел көгерер. Әуен-саз аспаптарын жасау өнері. Зергерлік өнер. Тоқымашылық өнер.

**IҮ.Ғарышты айлақта (2 сағат)** Байқоңыр-ғарыш алаңы. Қазақ ғарышкерлері.

**Ү.Туған жер байлықтары (6 сағат)**

Туған жер табиғаты. Қара алтын. Ақ күрішті аймақта. Мұнайлы өлке. Астықты алқап.

## Тақырыптық -күнтізбелік жоспары
## Мектепалды даярлық тобы

| № | Тақырыбы | Сағат саны | Пайдаланылған әдебиеттер | Күтілетін нәтиже | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|
| **Менің елім -Қазақстан. (7 сағат)** | | | | | |
| 1 | Менің өлкем | 1 | «Туған жер» Балдырған журналы №2 .2016 | Туған жерін сүюді үйренеді. | 06.09.18 |
| 2 | Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері | 1 | Менің Отаным-Қазақстан Әдеби кітапша | Еліміздің мемлекеттік рәміздерімен танысады. | 13.09.18 |
| 3-4 | Қазақстанның бұрынғы астаналары | 2 | Менің Отаным-Қазақстан Әдеби кітапша | Қазақстанның ежелгі астаналарымен танысады | 20.09.18<br>27.09.18 |
| 5-6 | Қазақстанның көрікті жерлері | 2 | Айгөлек журналы №8 .2015 ж | Қазақстанның көрікті жерлерін танысып, есте сақтайды. | 04.10.18<br>11.10.18 |
| 7 | Астанаға саяхат | 1 | Астана-Ақорда» 2007 жыл | Астананың көрнекті орындары мен танысады. | 18.10.18 |
| **Қазақстанның тұрмысы мен мәдениеті.( 7 сағат)** | | | | | |
| 8-9 | Қазақстанның тұрмысы мен мәдениеті. | 2 | Балдырған журналы №6 2014 ж | Қазақтың мәдениеті мен танысады. | 25.10.18<br>08.11.18 |
| 10-11 | Қазақстанның салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары. | 2 | «Қазақтың ою-өрнектері» әдебиет. Алматы-2001ж | Қазақтың салт-дәстүрі туралы оқып біледі | 15.11.18<br>22.11.18 |
| 12-13 | Қазақтың ұлттық аспаптары | 2 | Музыкалық аспаптар | Ұлттық, әдет – ғұрыптарды сақтау, өнер иелерін құрметтеу. | 29.11.18<br>06.12.18 |
| 14 | Қазақстанның төл мерекелері | 1 | «Астана-Ақорда» 2007 жыл | Төл мерекелерді дәріптей біледі. | 13.12.18 |
| **Салт-дәстүрінің салттары (10 сағат)** | | | | | |
| 15-16 | Қазақ халқының ырымдары мен тиымдары | 2 | Сен білесің бе?» энцикл | Қазақтың ырым сөздерін оқып есте сақтайды. | 20.12.18<br>10.01.19 |
| 17 | Қазақ халқының әдет-ғұрыптары | 1 | Балдырған журналы №7. 2014 ж | Қазақ халқының әдеп-ғұрыптарын біледі. | 17.01.19 |
| 18 | Ұлттық қолөнер | 1 | «Менің Отаным-Қазақстан» 2015 ж | Қолөнердің түрлерін үйренеді. | 24.01.19 |
| 19-20 | Тұрмыстық салт-дәстүрлер | 2 | «Астана-Ақорда» 2007 жыл | Қазақ халқының салт-дәстүрін қастерлейді. | 31.01.19<br>31.01.19 |
| 21 | Батаменен ел көгерер. | 1 | «Туған жер» Балдырған журналы №2. 2016ж | Бата сөздерді жатқа біледі. | 14.02.19 |
| 22 | Әуен-саз аспаптарын | 1 | «Менің Отаным- | Аспаптардың аттарын | 21.02.19 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасау өнері. | | Қазақстан» 2015 ж | біліп танысады. | |
| 23 | Зергерлік өнер | 1 | «Арайланған Астана» әдеби кітап | Ежелгі зергерлік бұйымдармен танысады. | 28.02.19 |
| 24 | Тоқымашылық өнер | 1 | Айгөлек журналы №6 .2015 ж | Тоқыма түрлерін біледі. | 07.03.19 |
| | **Ғарышты айлақта (2 сағат)** | | | | |
| 25 | Байқоңыр-ғарыш алаңы. | 1 | «Сен білесің бе?» энцикл. | Қазақстандағы ғарыш айлағымен танысады. | 11.04.19 |
| 26 | Қазақ ғарышкерлері | 1 | «Сен білесің бе?» энцикл. | Қазақ ғарышкерлерін суреттерін көріп, олар туралы мағлұмат алады. | 11.04.19 |
| | **Туған жер байлықтары (6 сағат)** | | | | |
| 27 | Туған жер табиғаты | 1 | «Сен білесің бе?» энцикл. | Туған жердің табиғатымен танысып, оны қадірлеуге үйренеді. | 14.03.19 |
| 28 | Ақ күрішті аймақта | 1 | «Менің Отаным-Қазақстан» 2015 жыл | Күрішті аймақпен танысады. | 18.04.19 |
| 29 | Қазақстанның мұнайлы өлкесі | 1 | «Сен білесің бе?» энцикл. | Мұнай не екенін біледі. | 25.04.19 |
| 30 | Қазақстанның астықты алқаптары | 1 | «Менің Отаным-Қазақстан» 2015 жыл | Астық туралы толық мағлұмат алып, өлеңдер жаттайды. | 02.05.19 |
| 31-32 | Қара алтын қайдан шығады? | 2 | Арайланған Астана 2010 жыл | Көмірдің шығу тарихын біледі. | 16.05.19<br>23.05.19 |